

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 302 – 306

INDICATORS FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF NATIONAL
ECONOMY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

A. Khoich¹, A.Makhambetzhan²

¹PhD in Economics, avjika@yahoo.com;

²L.N. Gumilyov Eurasian National University Republic of Kazakhstan, Astana,
aidana.kalvbaikvzv.92@gmail.com

Key words: sustainable development, economic growth, sustainable development indicators, the concept of quality of life, GDP, GDP per capita, unemployment rate, poverty rate, index of actual volume of GDP per capita, GDP deflator per capita.

Abstract. This article discusses the basic principles of transition to sustainable development, which are listed in the "Concept of Transition of Kazakhstan to Sustainable Development for 2006-2024", the main indicators of sustainable development and economic growth, concepts, strategies, which is determining the direction of economic development, improving people's welfare and methods of transition to a sustainable development on issues of economic growth, efficient use of resources and environmental protection. According to static date of key economic growth indicators such as GDP per capita, GDP growth and its structure conducted a comparative analysis.

ӨОЖ 330.342

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ИНДИКАТОРЛАРЫ

A. Хойч¹, А. Махамбетжан²

¹PhD докторы, «Экономика» кафедрасының доценті м.а., avjika@yahoo.com ;

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан Республикасы Астана қаласы
aidana.kalvbaikvzv.92@gmail.com

Тұрақтылық жағдайы табиғи ресурстарды аздан тұтынуды, бірақ жоғары моральдық қасиеттерді қажет етеді.

Герман Дейли, 1971

Түйін сөздер: тұрақты даму, экономикалық өсу, тұрақты даму индикаторлары, тұжырымдама, өмір сүру сапасы, ЖІӨ, жан басына шаққандағы ЖІӨ, жұмыссыздық деңгейі, кедейшілік деңгейі, жан басына шаққанда ЖІӨ нақты көлем индексі, жан басына шаққанда ЖІӨ дефляторы.

Аннотация. Мақалада қазіргі таңда қоғамды дүрліктірген қоршаған ортаны қорғау, ресурстарды тиімді пайдалану, экономикалық өсуді қамтамасыз ету мәселелеріне байланысты Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу жолдары мен халықтың әл-ауқатын жақсартып, экономикалық даму бағыттарын айқындайтын стратегиялары, тұжырымдамалары, «Қазақстан Республикасының 2006 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасына» сәйкес тұрақты дамуға көшудің жалпы қағидаттары, негізгі тұрақты даму индикаторлары мен экономикалық өсу көрсеткіштері қарастырылған және экономикалық өсудің маңызды көрсеткіші ретінде жан басына шаққандағы ЖІӨ, ЖІӨ өсімі мен құрылымына қатысты статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жасалған.

Еліміздің тәуелсіздік жылдарында экономикамызда сан түрлі нарықтық өзгерістер, қаржылық дағдарыстар болды. Сондай қиын замандарда 1991 жылғы БҰҰ-ның Рио де Жанейродағы жиналысында қабылданған әлем елдерінің тұрақты дамуы концепциясы біздің ел үшін де жетекші, мақсатты, негізгі, міндетті стратегиялардың бірі болып отыр. Ал сол тұрақты дамудың негізгі идеясы «болашақ ұрпақты өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, өз қажеттіліктерін қамтамасыз ете алатын» [1], бір бірімен үйлесім тапқан қоғамды қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатқа жету барысында соңғы ширек гасырда тұрақты даму қағидасына негізделген және еліміздің даму бағыттарын айқындайтын бірнеше

стратегиялық құжаттар мен бағдарламалар қабылданды, оның ішінде: «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Қазақстан Республикасының 2004 - 2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасының 2006 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы», Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ қазіргі таңда экономикамыздың жаңа тынысы – ауылшаруашылық саласына қатысты «2020 жылға дейінгі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасы», халықты таза ауыз-сумен қамтамасыз ету мақсатында қабылданған 2011 – 2020 жылдарға арналған “Ақ бұлақ” бағдарламасы бар. Сондай-ақ еліміз посткеңестік елдер арасында алғашқы болып ядролық қарудан бас тартты, «Жасыл экономикаға өту» тұжырымдамасын әзірлеуге кірісті. Ал «Жасыл экономика» өз кезегінде халықтың әл-ауқатын өсіруге көмектесетін және экологиялық тәуекелділіктерді төмендету мен қоршаған ортаның ластануы жағдайында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін экономика болып саналады. Сонымен қатар, соңғы 10 жылдықта еліміз ТМД кеңістігінде Кедендік Одақ, Еуразиялық экономикалық кеңістік, Еуразиялық экономикалық одақ тәрізді интеграциялану процестеріне қатысып, әлемдік Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) 162 – ші мемлекет болып енді.

Ұлттық экономикамыздың тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі отандық экономиканың жүйелілігін нығайту болып табылады. Қазіргі таңда экономикамыз транзиттік және шикізатқа бағытталғандықтан соңғы әлемдегі мұнай бағасының күрт құлдырауы, соған байланысты ұлттық валютамыздың өзге валюталар алдында әлсіреуі экономиканың экспортқа бағытталған жаңа өндіріс көздерін ашуды, импортталатын тауарлардың орнын басатын өнімдер өндіруді қарастыруды қажет етіп жатыр. Осылайша тұрақты даму түсінігінің маңызды аспектілері экономикалық, әлеуметтік және экологиялық даму болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2006 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасына сәйкес тұрақты дамуға көшудің жалпы қағидаттары мыналар болып табылады:

- тұрақты дамуға қол жеткізу үдерісіне бүкіл қоғамды тарту;
- Қазақстан Республикасының тұрақты дамудың әлемдік кепілгері мәртебесіне қол жеткізуі үшін тұрақты саяси даму;
- ведомствоаралық ықпалдастық, мемлекетті басқаруға деген жүйелік көзқарас, негізгі даму көрсеткіштерін болжау, жоспарлау және реттеу тиімділігін арттыру;
- ел экономикасына жоғары технологиялардың үлесін айтарлықтай арттыру базасында экономикалық прогресс, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;
- ғылым және білім берудің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- халықтың денсаулық жағдайын, салауатты қоғамның парадигмасын енгізу негізінде демографиялық көрсеткіштерді жақсарту;
- маңызды қоғамның ноосалалық функциясы ретінде қоршаған ортаны қорғауды жетілдіру;
- трансөңірлік экожүйелік көзқарас негізінде аумақтық даму [2].

Жекелеген қаланың, аймақтың немесе жалпы бір мемлекеттің ұлттық тұрақты дамуы экономикалық өсуді қамтамасыз ететін, қоршаған ортаға экологиялық жүктемелерді азайтатын және қоғамның қажеттіліктерін келесі ұрпақтарға зиян тигізбей қанағаттандыратын дамуды білдіреді.

Ал экономикалық өсу — әлеуметтік мәселелерді үйлесімді шешудің негізі, адамдардың тұрмыс деңгейінің көтеріліп, табыстарының молаюының қайнар көзі. Экономикалық өсу экономиканың үдемелі қозғалысын, оның алға басуын және дамуын көрсетеді. Экономиканың үдемелі қозғалысының тереңде жатқан себептері — ол қоғамдық өндіріс пен оның мақсаты — адамның қажеттілігін қамтамасыз ету арасындағы күрделі және қарама-қайшы байланыстарға негізделген. Адамның экономикалық қажеттіліктері өндірістен туындайды. Жаңа өнім шығарып және оған қажеттілік туғызып, өндіріс осы қажеттіліктерді қамтамасыз етудің жағдайларын қалыптастырады [3]. Осыған орай тұрақты даму индикаторлары болып елімізде:

- өмір сүру сапасы,
- экологиялық орнықтылық индексі,
- күтілетін алдағы болашақ өмірдің орташа ұзақтығы (АӨӨҰ),
- адамзаттық даму индексі,
- адамзаттық әлеуеттің даму индексі,
- халықтың кедейлік индексі,
- халық саны,
- толық қуат немесе елдің табиғи ресурстарын жиынтық тұтыну,
- пайдалы қуат немесе жиынтық өнім,
- қуаттың ысырабы, немесе пайдаланылмаған резервтер,
- ресурстарды пайдаланудың тиімділігі (РПТ),

- ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы деңгейі,
- энергия құны,
- халықтың энергия тұтынуы,
- жан басына шаққандағы ЖІӨ,
- ЖІӨ,
- жұмыссыздық деңгейі,
- кедейшілік деңгейі,
- халықтың көші-қонысы,
- өнеркәсіптің және ауылшаруашылығының даму көрсеткіштері,
- экология мен халық денсаулығының көрсеткіштері және т.б. есептеледі [2].

Жоғарыдағы аталған индикаторлардың барлығы дерлік ұлттық экономикамыздың тұрақты дамуы үшін маңызды, алайда экономикалық тұрғыда маңызды, экономикалық өсудің негізгі көрсеткіші болып табылатын жан басына шаққандағы ЖІӨ, ЖІӨ өсімі мен оның құрылымына қысқаша талдау жасап кеткен жөн болар.

Кесте 1 – Жан басына шаққандағы ЖІӨ

	2010	2011	2012	2013	2014
Жан басына шаққанда ЖІӨ, теңге	1 336 605,6	1 774 505,6	1 917 273,4	2 176 972,7	2 357 239,0
Жан басына шаққанда ЖІӨ, АҚШ доллары	9 071,0	12 102,8	12 858,1	14 310,0	13 155,0
Жан басына шаққанда ЖІӨ нақты көлем индексі, өткен жылға %-бен	105,8	105,7	103,1	104,3	102,6
Жан басына шаққанда ЖІӨ дефляторы, өткен жылға %-бен	119,5	118,9	104,7	108,8	105,6

*Деректер ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті сайтынан алынған [4]

Жан басына шаққандағы ЖІӨ ұлттық валюта бағамында тек оң көрсеткіштерге ие, яғни тек қана өсу байқалады және 2014 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда өсімі 180 266,3 теңгені құраған, ал АҚШ доллар бағамында бұл көрсеткіш теріс мәнге, яғни 1155 долларға кему байқалады. Мұның себебін халық санының артумен қатар 2014 жылы 11 ақпанда ұлттық валюта девальвациясы деп атауға болады.

Әрине бұл көрсеткіштер салыстырылып отырған базалық 2010 жылға қарағанда өсіп отырған. 2010 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ 9 071 АҚШ долларын құраса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 13 155 долларды құрап, 4084 долларға өскен. Жан басына шаққандағы ЖІӨ-мен қатар ЖІӨ өсімі төмендегі кестеге сай үнемі артып отырған.

Кесте 2 – ЖІӨ өсімі мен құрылымы

	Бірлігі	2010	2011	2012	2013	2014	
1	Жалпы ішкі өнім	млн. теңге	21 815 517,0	29 379 779,9	32 193 753,1	37 085 327,9	40 754 832,5
ЖІӨ құрылымы							
2	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	%	4,5	4,7	4,0	4,4	4,2
3	Өнеркәсіп	%	32,9	29,6	29,2	27,0	26,6
4	Кен өндіру өнеркәсібі және қазу	%	19,5	17,1	16,5	14,7	14,7
5	Өңдеу өнеркәсібі	%	11,3	10,6	10,8	10,4	10,0
6	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	%	1,8	1,6	1,6	1,6	1,6

		Бірлігі	2010	2011	2012	2013	2014
7	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	%	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
8	Құрылыс	%	7,7	6,2	6,0	5,8	5,8
9	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	%	13,0	13,1	14,4	14,7	15,5
10	Көлік және қоймалау	%	8,0	6,6	7,1	7,4	7,7
11	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	%	1,0	0,9	0,8	0,8	0,9
12	Ақпарат және байланыс	%	3,1	2,4	2,5	2,5	2,5
13	Қаржы және сақтандыру қызметі	%	3,6	1,9	2,0	2,6	2,9
14	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	%	8,6	8,2	8,3	8,1	8,1
15	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	%	3,9	4,2	4,3	4,1	4,1
16	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	%	1,9	1,6	1,7	1,7	1,8
17	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	%	2,1	1,9	1,9	1,9	1,9
18	Білім беру	%	3,2	3,0	2,9	2,8	2,8
19	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	%	1,7	1,6	1,6	1,6	1,6
20	Өнер, ойын-сауық және демалыс	%	0,6	0,6	0,7	0,7	0,7
21	Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	%	0,9	1,1	1,1	2,5	2,7
22	Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндіретін үй шаруашылықтары қызметі	%	0,1	0,0	0,1	0,1	0,1
23	Салалар бойынша қорытынды	%	96,8	87,6	88,6	88,7	89,87
24	Қаржы делдалдығының жанама өлшенетін қызметтері		-2,1	0,0	0,0	0,0	0
25	Жалпы қосылған құн	%	94,7	87,6	88,6	88,7	89,87
26	Өнімдер мен импортқа салынатын таза салықтар	%	5,3	12,4	11,4	11,3	10,1
27	Өнімдер мен импортқа салынатын салықтар	%	5,6	12,7	11,7	11,5	10,4
28	Өнімдер мен импортқа субсидиялар	%	0,3	0,3	0,3	0,2	0,3
29	Жалпы ішкі өнім	%	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0

*Деректер ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті сайтынан алынған [4]

Жоғарыдағы кестеге сүйенсек, еліміздің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 2010-2014 жылдар аралығында шамамен 2 есеге немесе 18 939 315,5 млн.теңгеге артқан және 2014 жылы ЖІӨ құрылымында ауыл, орман және балық шаруашылығы – 4,2%, өнеркәсіп саласы – 26,6%, сауда және көтерме сауда саласы – 15,5% құраған.

Жалпы оңтайлы, жағымды экономикалық көрсеткіштер ұлттық экономиканың тұрақты дамуының бастамасы болып табылады. Сондай-ақ өнеркәсіп өндірісінің өсуі, көтерме және бөлшек сауданың артуы, отандық өнім өндірушілердің көршілес Ресей, Қытай елдеріне экспортқа тауарлар шығаруы, импортталатын тауарлар номенклатурасының санын отандық тауарлармен басу арқылы азайту қазіргі экономикалық

дағдарыстан шығу, экономикалық өсуді жетілдіру, сонымен қатар уақыт өте келе «жасыл экономиканы» толықтай менгеру арқылы тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізудің бірден бір жолы деген ой келеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Медоуз Д., Рондерс Й., Медоуз Д., Пределы роста. 30 лет спустя. – Москва, ИКЦ «Академкнига», 2007 – 342 стр.
[2] "Қазақстан Республикасының 2006 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 қазандағы N 981 Қаулысы
[3] Д. С. Асан, Б. С. Мырзалиев, С. С. Ыдырыс, «Экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты дамыту тетіктері». – Оқу құралы. — Алматы: Нұр-пресс, 2008. — 160 бет.
[4] ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты <http://stat.gov.kz/>

REFERENCES

- [1] D.Meadows, J. Randers, D.Meadows, Limits to Growth. The 30-year Update. Moscow, "Akademkniga", 2007 – 342 str.
[2] "Kazakhstan Republicasynyn 2006 - 2024 zhyldarga arналған орнықты дамуға koshu tuzhyrymdamasy туралы" Kazakhstan Republicasynyn Presidenti Zharlygynyn zhobasy туралы Kazakhstan Republicasy Ukimetinin 2006 zhylygy 12 kazandagy N 981 Kaulysy
[3] D.S.Assan, B. S. Myrzalyev, S.S.Ydyrys, « Jeconomicalyk zhane aleumettik turaktylykty damytu tetikteri». Oku kuraly. — Almaty: Nur-press, 2008. — 160 bet.
[4] The official page of Committee on Statistics Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan <http://stat.gov.kz/>

ИНДИКАТОРЫ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

А.Хойч¹, А.Махамбетжан²

¹доктор PhD, и.о. доцента кафедры «Экономика», avijka@yahoo.com;

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, aidana.kalybaikvzv.92@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются основные принципы перехода к устойчивому развитию, которые указаны в «Концепции перехода Республика Казахстан к устойчивому развитию на 2006-2024 годы», основные индикаторы устойчивого развития и показатели экономического роста, концепции, стратегии, определяющие направления экономического развития, улучшающие благосостояние народа и методы перехода к устойчивому развитию по вопросам обеспечения экономического роста, эффективного использования ресурсов и защиты окружающей среды. При этом был проведен сравнительный анализ статических данных ключевых показателей экономического роста таких, как ВВП на душу населения, рост ВВП и его структура.

Ключевые слова: устойчивое развитие, экономический рост, индикаторы устойчивого развития, концепция, качество жизни, ВВП, ВВП на душу населения, уровень безработицы, уровень бедности, индекс реального объема ВВП на душу населения, дефлятор ВВП на душу населения.

Поступила 25.04.2016 г.